


ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУҒА ҚОСҚАН ҮЛЕС



10-қағидат Іскерлік топтар бопсалаушылық пен парақорлықты қоса алғанда, сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлеріне қарсы тұруға тиіс



ЭКОНОМИКАЛЫҚ НӘТИЖЕЛІЛІК

ҚМГ үшін 2020 жыл беріктікке сыналатын жыл болды, оған Компания лайықты түрде төзімділік танытты. Мұнай бағасының төмендеуі, ОПЕК+ келісімі шеңберінде өндіруді шектеу және COVID-19 пандемиясы сияқты факторлар ҚМГ-нің 2020 жылғы қаржылық нәтижелеріне айтарлықтай әсерін тигізді. Алайда, сыртқы сын-тегеуріндерге жауап ретінде жедел қабылданған шаралар Компанияға нәтижелерге біз жол бергеннен гөрі қол жеткізуге мүмкіндік берді. 2020 жылдың нәтижелері бойынша Компания оң еркін ақша ағынын қамтамасыз ете алды, несиелік рейтингтерді сақтап қалды, қаржылық ковенанттардың бұзылуына және қарыздың өсуіне жол бермеді.

2020 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ-нің таза пайдасы 172 млрд теңгені (416 млн АҚШ долл.) құрады.

Сонымен қатар, қатысу өңірлеріндегі ірі салық төлеушілердің бірі бола отырып, ҚМГ ел бюджетіне салықтар және басқа да төлемдер бойынша өз үлесін қосады. 2020 жылы 548 млрд теңге (1 325 млн АҚШ доллары) салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер төленді.

Сондай-ақ Компания елдегі 60 мыңнан астам адамды жұмыспен қамтамасыз етіп қана қоймай, қызметкерлер мен олардың отбасыларына әлеуметтік қолдау көрсетіп отыр. 2020 жылы қызметкерлер үшін Компанияның әлеуметтік аударымдарға және зейнетақы жарналарына жіберген қаражаты 53 млрд теңгені құрады.

Отандық өндірушілерді қолдау бойынша бағдарламаларға қатысу және сатып алудағы жергілікті қамтуды ұлғайту ҚМГ басымды міндеті болып табылады. 2020 жылдың қорытындысы бойынша қазақстандық компаниялардан ҚМГ компаниялар тобы бойынша тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алудың жалпы көлемі 1 812,6 млрд теңгені құрады, бұл сатып алудың жалпы сомасының **99%-ін** құрайды. **Сатып алудағы жергілікті қамтудың үлесі 82% құрады.**

Өзінің негізгі қызметін іске асыра отырып, ҚМГ жыл сайын елдің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыруға және Компания қатысатын өңірлерді дамытуға елеулі үлес қосады.

Компанияның экономикалық нәтижелілігінің төменде көрсетілген көрсеткіштері ел экономикасына осы салымды бағалауға мүмкіндік береді.

103-1, 103-2, 103-3

ҚМГ бизнес-жоспарын және бюджетін жоспарлау және орындау Компанияның құнын арттыруда және барлық мүдделі тараптар үшін оның қаржылық тұрақтылығын нығайтуда маңызды рөл атқарады. ҚМГ-дегі жоспарлаудың мақсаты Даму стратегиясында айқындалған басымдықтар мен мақсаттарға сәйкес ҚМГ қызметін орта мерзімді (бес жылдық) және ағымдағы (бір жылға) жоспарлау жүйесін қамтамасыз ету болып табылады.

ҚМГ шоғырландырылған және жеке даму жоспарын және бюджетін қалыптастыру және бекіту «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Даму жоспарын қалыптастыру, бекіту, түзету және мониторингілеу қағидаларымен регламенттеледі. Шоғырландырылған бизнес-жоспар ЕТҰ-ның 5 жылдық кезеңге арналған жоспарларын қамтиды және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ЕТҰ-ның бизнес-жоспарлары мен бюджеттерін әзірлеу, келісу, бекіту және мониторингілеу қағидаларымен регламенттеледі. ҚМГ-нің Даму жоспары мен бюджеті ҚМГ-нің бекітілген корпоративтік есеп саясаты мен қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарының (ҚЕХС) талаптарына сәйкес автоматтандырылған жоспарлау жүйесінде қалыптастырылады.

ҚМГ басшылығы ай сайынғы, тоқсан сайынғы және жылдық басқару есептерінің негізінде Бизнес-жоспарлардың орындалуына мониторинг жүргізеді.

ҚҰРЫЛҒАН ЖӘНЕ БӨЛІНГЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰН

201-1, 201-4, 415-1

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2018	2019	2020
Құрылған тікелей экономикалық құн				
Жиынтық кірістер	млрд теңге	7 889	7 970	5 202
Бөлінген экономикалық құн				
Жиынтық шығыстар	млрд теңге	7 199	6 812	5 030
Бөлінбеген экономикалық құн				
Пайда	млрд теңге	690	1 158	172

Жиынтық кірістер – жиынтық кіріс туралы есептегі түсімнің және өзге де кірістердің жиынтығы.
Жиынтық шығыстар – жиынтық кіріс туралы есептегі шығыстар мен шығындар жиынтығы.

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2018	2019	2020
Өзге салықтар мен төлемдер (КТС-сыз)	млрд теңге	1 258	1 360	1 068
Өзге салықтар мен төлемдер (КТС-мен)	млрд теңге	1 444	1 522	1 156
Төленген табыс салығы	млрд теңге	186	162	88
Капиталдың өнім берушілеріне төлемдер	млрд теңге	305	318	331

Деректер ҚМГ-нің 2020 жылғы ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есебінен (тікелей әдіс) алынған.

Капиталды жеткізушілерге төлемдер акционерге төленген дивидендтерден, бақыланбайтын қатысу үлесіне төленген дивидендтерден, төленген сыйақыдан және «Самұрық-Қазына» ҰАҚ АҚ пайдасына бөлуден тұрады.

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2018	2019	2020
Күрделі салымдар (есептеу әдісі бойынша)	млрд теңге	628	505	454

ҚМГ есепті кезеңде мемлекеттен ақшалай түрде қаржылық көмек алған жоқ және мемлекеттік/саяси мұқтаждықтарға қайырымдылықты жүзеге асырмайды.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

201-3

Ұлттық заңнамаға сәйкес азаматтардың зейнетақы жинақтары Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында орналасқан. Зейнетақы жинақтары: мемлекет кепілдік берген ең төменгі зейнетақы мөлшерлемесінен, жеке зейнетақы жинақтарынан (ай сайынғы жарна жалақының

10%-ы) және қосымша өңірлік үстемеақылардан тұрады.

Компания өз тарапынан ұйымдардың ұжымдық шарттарына сәйкес жұмыс істемейтін зейнеткерлерді әлеуметтік қолдау бойынша қосымша міндеттемелерді орындайды, оған сәйкес қызметкерлер зейнеткерлік жасқа жетуіне байланысты құрметті демалысқа шыққан кезде, сондай-ақ зейнеткерлікке шыққаннан кейін Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мерекелеріне, мерейтойларына материалдық

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2018	2019	2020
Әлеуметтік аударымдар және міндетті зейнетақы жарналары	млрд теңге	52	52	53

көмек түрінде қаржылық қолдау алады, олардың құнын ішінара өтей отырып, санаторий-курорттық емделуге жолдамалар және т. б. алады.

2020 жылы Компанияның жұмыс істемейтін зейнеткерлеріне жалпы сомасы 2 млрд теңгеден астам материалдық көмек көрсетілді.

ҚМГ кейбір компанияларында тараптардың келісімі бойынша еңбек қатынастарын бұзу

ҚМГ САЛЫҚ СТРАТЕГИЯСЫ

207-1

ҚМГ-дегі салық салуға көзқарас (ҚМГ-нің салық стратегиясы) ҚР Салық кодексінің талаптарына сәйкес және ҚМГ компаниялар тобының корпоративтік салық есеп саясаты (бұдан әрі – Корпоративтік СЕС) негізінде әзірленген ҚМГ салық есеп саясатында (бұдан әрі – СЕС) белгіленген.

Салықтық есепке алуды жүргізуді біріздендіру мақсатында ҚМГ тобындағы компанияларда Корпоративтік СЕС әзірленді және енгізілді. ҚМГ және ҚМГ-нің барлық еншілес компаниялары компанияның жүзеге асыратын қызметін (негізгі, сондай-ақ негізгі емес) ескере отырып, операциялар түрлері бойынша салықтық есепке алуды жүргізу тәртібінің ерекшеліктерін қамтитын компанияның СЕС-ін әзірлеу және бекіту кезінде корпоративтік СЕС-ті пайдаланады.

Корпоративтік СЕС-ті еншілес ұйымдардан басқа, ҚМГ мен оның еншілес ұйымдары басшылыққа алады:

- салық салудың ерекше тұрақты режимі көзделген Өнімді бөлу туралы келісім шеңберінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын;
- ҚМГ бақылау акцияларының пакеттерінің (қатысу үлестерінің) 50%-дан кеміне иелік ететін;
- Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тіркелген, сондай-ақ ҚМГ филиалдары және ҚР шекарасынан тыс жерлерде оның еншілес ұйымдарының филиалдары.

Корпоративтік СЕС-тің **мақсаты** ҚМГ және оның еншілес пен тәуелді ұйымдарының ұйымдық және салалық ерекшеліктерін ескере отырып, **есептілікте ең жоғарғы толық, шынайы және расталған ақпаратты** қалыптастыру үшін салықтық есепке алудың біркелкілігіне қол жеткізу болып табылады.

Корпоративтік СЕС **міндеті** салық заңнамасы мынадай жағдайда, салықтық есепке алуды жүргізу тәсілдемелерінің өзіндік ерекшелігін көрсету болып табылады:

- ҚР Салық кодексінде көзделген бірнеше нұсқаларды не әдістерді талап ететін немесе олардан

кезінде өтемақы төлеумен, зейнеткерлік жасқа толған қызметкерлермен еңбек қатынастарын бұзу кезінде өтемақы төлей отырып, зейнеткерлік жас алдындағы қызметкерлерге зейнеткерлікке ерте шығу мүмкіндігін беру жөніндегі жоба іске асырылуда.

Жалпы, 2020 жылы қызметкерлер мен жұмыс істемейтін зейнеткерлерді әлеуметтік қолдау 21 млрд теңгеден астам сомаға көрсетілді.

таңдау жасауға мүмкіндік беретін нормаларды қамтиды;

- жалпы нормаларды ғана белгілейді және (немесе) салықтық есепке алуды жүргізу тәсілдерінде анықтықты және нақтылықты, салық салу объектілерін және салық салуға байланысты объектілерді айқындау тәртібін қамтамасыз етпейді;
- СЕС-ке жекелеген талаптар мен ережелерді көрсетуді талап етеді.

Корпоративтік СЕС ҚР Салық кодексінің келесі **қағидаттарына** негізделеді:

- салық салудың міндеттілігі қағидаты – ҚМГ және оның еншілес ұйымдары Қазақстан Республикасының бюджетіне салықтарды уақтылы және дұрыс есептеуге, ұстауға және толық көлемде төлеуге міндетті;
- салық салудың әділдік қағидаты – ҚМГ мен оның еншілес ұйымдарының операциялары бір кезеңде сол бір салық салу объектісі бойынша салық пен төлемнің бір түрімен қосарланған салық салуға ұшырамауы тиіс;
- ҚМГ мен оның еншілес ұйымдарының адалдық қағидаты – салықтық үнемдеуді алу және салық төлемдерін азайту мақсатында өздерінің заңсыз әрекеттерінен пайда алуға жол бермейді.

Корпоративтік СЕС ережелері ҚМГ компаниялар тобының коммерциялық және салықтық құпиясы болып табылады.

Корпоративтік СЕС және ҚМГ СЕС, сондай-ақ оларға өзгерістер мен толықтыруларды бекіту ҚМГ Басқармасының құзыретіне жатады.

Корпоративтік СЕС және ҚМГ СЕС-ке өзгерістер мен толықтырулар мынадай жағдайларда енгізіледі:

- корпоративтік СЕС ережелерімен белгіленген салықтық есепке алу тәртібін қозғайтын ҚР Салық кодексінің нормалары өзгертілген;
- Корпоративтік СЕС ережелерінде белгіленген салықтық есепке алу тәртібін қозғайтын «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» ҚР Заңының немесе ҚЕХС нормалары өзгертілген;

- ҚМГ/еншілес ұйым қабылдаған шешімдер салық есебін жүргізу, салық салу объектілерін және (немесе) салық салуға байланысты объектілерді айқындау тәртібіне әсер ететін ҚМГ компаниялар тобының бухгалтерлік есебін жүргізу әдістері мен қағидаттарын өзгерткен;
- ҚМГ/еншілес ұйым қабылдаған шешімдер ҚМГ компаниялары тобының бөлек салық есебін жүргізу тәртібі мен қағидаттарын және ҚР Салық кодексінде диспозитивтік нормалар қамтылған өзге де ережелерді өзгертуге алып келген.

Қалған жағдайларда корпоративтік СЕС және ҚМГ СЕС-ке өзгерістер қажеттілігіне қарай, бірақ жылына 2 (екі) реттен жиі емес енгізіледі.

Корпоративтік СЕС қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарымен (ҚЕХС), «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» ҚР Заңымен, ҚР өзге заңнамалық актілерімен және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттармен, сондай-ақ ҚМГ/еншілес ұйымның қызметін реттейтін ішкі құжаттармен өзара байланыста ҚР салық заңнамасының талаптарына сәйкес әзірленді.

Корпоративтік СЕС ережелері мен ҚР салық заңнамасының нормалары не ҚР ратификациялаған халықаралық шарттар арасында қайшылықтар болған кезде салық заңнамасының не тиісті халықаралық шарттың нормалары қолданылады.

ҚМГ салық салуға өзінің көзқарасында салықтық жоспарлау кезінде ҚМГ коммерциялық қызметінің ерекшеліктерін және ҚМГ-нің 2018–2028 жылдарға арналған біртіндеп органикалық өсу стратегиясы болып табылатын «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың 2028 жылға дейін әзірленген Даму стратегиясына толық сәйкес келетін осындай тәсілдеменің әлеуметтік әсерін ескереді.

Мәселен, ҚМГ-нің орта мерзімді кезеңінде қаржылық тұрақтылықты сақтау және нығайту жөніндегі шаралар күшейтілетін болады. Бұл стратегиялық бастама ҚМГ-ге борышты тиімді басқаруға және капиталдың оңтайлы құрылымына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бастаманы іске асыру шеңберінде ҚМГ-нің негізгі міндеттерінің бірі ҚМГ корпоративтік орталығының салық залалдарын барынша пайдалану, сыртқы ортадағы және заңнамадағы ықтимал өзгерістерді ескере отырып, шаруашылық қызметті жүргізудің оңтайлы моделін таңдау жолымен олардың салық міндеттемелерін қайта бөле отырып, залалды/пайдалы активтерді қайта құрылымдау есебінен салық жүктемесін оңтайландыру болып табылады.

207-2

Компаниядағы негізгі салықтық тәуекелдер мыналар болуы мүмкін:

1. Салық және кеден заңнамаларының әртүрлі түсіндірілуі.
2. Салық есептілігін және тауарларға арналған кеден декларациясын дұрыс жасамауы.
3. Салық есептілігін уақтылы ұсынбауы.
4. Трансферттік баға белгілеуге байланысты тәуекелдер.
5. Бақыланатын шетелдік компаниялардың салық салуы (ҚМГ салық салынатын кірісіне ҚИК жиынтық пайдасын қосу).
6. Бейрезиденттердің(бейрезиденттермен шарттар шеңберінде жеке тұлғалардың) салық салуы.

Компаниядағы негізгі тәуекел факторлары (септер) мыналар болуы мүмкін:

1. Ішкі факторлар:

- ҚМГ ЕТҮ нашар салықтық әкімшілендіру;
- Бухгалтерияға бағдарламалардың әкімшілерімен құжаттар мен ақпаратты уақтылы ұсынбауы/бермеуі;
- салық есептілігін жасау және тауарлардың кедендік декларациялау кезіндегі қателер;
- салық заңнамасы білімінің жеткіліксіз деңгейі;
- келісімдер/шарттарды тиісінше салықтық сараптау;
- салық заңнамасында салық преференцияларын/өзгерістерін уақтылы дайындамау/жеткіліксіз негіздеу.

2. Сыртқы факторлар:

- ҚР салық заңнамасын әртүрлі түсіндіруі;
- ҚР салық заңнамасын ретроспективті өзгеруі;
- салық органдары IT-инфрақұрылымының жаңылысуы;
- трансферттік баға белгілеу туралы заңнаманы әртүрлі түсіндірілуі.

Компаниядағы ескерту әсерінің негізгі іс-шаралары:

1. ҚР салық заңнамасындағы өзгерістерге тұрақты мониторинг жүргізу және оларды жұмыста ескеру.
2. Қызметкерлердің семинарларға, форумдарға қатысуы, салық заңнамасы және трансферттік баға белгілеу саласында өздігінен оқуы.
3. Салық есебінің енгізілуіне және салық есептілігінің жасалуына кейінгі бақылау жасау.
4. Тұрақты негізде салық органдарымен салыстырып тексеру жүргізу.
5. Ірі мәмілелер бойынша салық сараптамасының қорытындыларын ұсыну (шарттардың жобаларын келісу).
6. Салық, кеден және трансферттік заңнама мәселелері бойынша мемлекеттік кірістер органдарының түсіндірулерін алу.
7. Салық есептілігінің аудитін жүргізу (қажет болған жағдайда).

8. Нормативтік-құқықтық актілерді түсіндіру бойынша уәкілетті органдармен хат алмасу жүргізу.
9. Сот тәртібінде компанияның мүдделерін қорғау.
10. Ірі мәмілелерде бағалардың ауытқу тәуекелдерін талдау (ТЦ).
11. Мемлекеттік органдар бастамашылық жасайтын трансферттік баға белгілеу туралы заңнамаға өзгерістердің жобаларын мониторингілеу.

GRI 207-2 (салықтық әкімшілендіру және бақылау, тәуекелдерді басқару) көрсеткіші туралы толығырақ ақпарат «Корпоративтік басқару» – тәуекелдерді басқару процестерінің тиімділігі бөлімінде көрсетілген.

207-3

ҚМГ салық заңнамасына сәйкес салық мониторингіне жататын ірі салық төлеушілердің тізбесіне енгізілді.

ҚМГ-де тұрақты негізде ҚМГ тобының компанияларында туындайтын салық заңнамасын қолданудың проблемалы мәселелерін талдау бойынша жұмыс жүргізіледі, кейіннен заңнамалық актілерге өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар әзірленеді, сондай-ақ ҚМГ тобы компанияларының қызметіне салық салу үшін қолайлы жағдайлар жасау, салық заңнамасын, Кеден одағы мен ҚР кеден заңнамасын, ҚР трансферттік баға белгілеу туралы заңнамасын жүйелі жетілдіру, сондай-ақ операциялық тиімділікті

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ

203-1, 203-2

ҚМГ қосылған құнды құру тізбегінің барлық кезеңдерінде толық біріктіріліп, Қазақстанның мұнай-газ саласының ұлттық көшбасшысы болып табылады. Мұнай-газ саласының ұлттық көшбасшысы және тігінен біріктірілген компания бола отырып, ҚМГ өзінің ұзақ мерзімді орнықты дамуы үшін тұрақты платформаға ие. ҚМГ активтері барлау, өндіру, тасымалдау, қайта өңдеу және маркетингтен тұратын көмірсутектердің қосылған құнын құру тізбегінің толық циклін қамтиды. Қызмет Қазақстан мен Румыния аумағында жүргізіледі.

ҚМГ-нің жоғарыда көрсетілген бағыттары шеңберінде көмірсутегі қорларын өсіруге, жаңа өндірістерді құруға, жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуге және жаңартуға бағытталған 50-ден астам инвестициялық жоба іске асырылуда.

арттыру және жалпы ҚМГ құнын ұлғайту мақсатында ҚР заңнамасына өзгерістер енгізуге бастамашылық етеді.

Мемлекеттік органдармен қарым-қатынастар мен өзара іс-қимылдар салық саясатының дұрыстығын айқындау, мемлекеттік органдармен, сондай-ақ акционермен, салалық қауымдастықтармен ұйымдастырылатын кездесулерге, талқылауларға қатысу мақсатында іскерлік хат алмасу арқылы ҚР Салық кодексінің нормалары шеңберінде құрылады.

Заңнаманы жетілдіру арқылы ҚМГ компаниялар тобының мүдделерін қорғау мыналарды қамтиды:

- салық салу бөлігінде заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар (оның ішінде негіздемелер, таныстырылымдар және есептеулер) әзірлеуді;
- салық заңнамасын және жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнаманы орындау бөлігінде тиісті мемлекеттік органдар әзірлеген нормативтік құқықтық актілердің жобаларына қорытындыларды қарауды және ұсынуды;
- салалық қауымдастықтар (Қазқстанның салық төлеушілер қауымдастығы (ҚСҚ), Қазэнерджи, «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы (ҰКП) жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың жұмысына, Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары мен ҚР Парламентінің қатысуымен жұмыс топтарына тікелей қатысу арқылы ҚМГ компаниялары тобының заңнамалық бастамаларын сүйемелдеуді.

ҚМГ жоғарыда аталған салалық қауымдастықтардың мүшесі болып табылады.

Келесі инвестициялық жобаларды іске асыру Қазақстанның орнықты дамуына үлес қосуға мүмкіндік береді:

I. ҚР өңірлерін газдандыру және газ тарту желілерін жаңғырту жобалары.

2020 жылы мынадай инвестициялық жобаларды іске асыру табысты аяқталды:

- **«Бозой» ГЖҚ қайта жөндеу**
2020 жылғы 20 желтоқсанда «Бозой» жерасты газ қоймасында газды сақтау қуатын кеңейту жобасын іске асыру аяқталды. Жобаны іске асыру елдің оңтүстік өңірлерін газбен жабдықтау сенімділігін арттыруға, жылдың суық мезгілінде газ тұтыну шыңдарын тегістеуге, жалпы газ тасымалдау жүйесіне жүктемені теңестіруге бағытталған. Газды сақтаудың жобалық көлемі 4 млрд м³ құрайды («Жаманқоян-құлақ» учаскесі 3 млрд м³ және «Жақсықо-

янқұлақ» учаскесі 1 млрд м³). Жылыту маусымының ең жоғары кезеңінде газды іріктеу бойынша тәуліктік өнімділік тәулігіне 27 млн м³ дейін жетуі мүмкін.

- **Жамбыл облысы Қордай ауданының 5 елді мекеніне жеткізуші газ құбырын салу**
Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың Жамбыл облысы Қордай ауданына сапары барысында берген тапсырмасын орындау шеңберінде «ҚазТрансГаз» АҚ Қордай ауданының бес елді мекеніне (Масаншы, Сортөбе, Қаракемер, Аухатты, Бұлар батыр) жалпы ұзындығы 42 км газ құбырын тарту және «Қордай-Шу» автоматты газ тарату станциясын қайта жаңарту жұмыстарын аяқтады.

Нәтижесінде жобаны іске асыру Жамбыл облысы әкімдігімен бірлесіп, халқының саны 62 мыңнан асатын 10 елді мекенді: 7 177 тұрғын үйді, 29 әлеуметтік сала объектісін, 243 шағын және орта кәсіпкерлік объектісін табиғи газбен қамтамасыз етті. Тағы 7 елді мекенді газдан-дыру перспективасы бар. Жұмыстар 2020 жылдың маусым-қазан аралығында орындалды.

2021 жылы өткізу қабілеті жылына 15 млрд м³ дейінгі **«Бейнеу – Бозой – Шымкент»** магистральдық газ құбырын салу инвестициялық жобасы шеңберінде жұмыстарды жалғастыру жоспарлануда. Осы газ құбыры арқылы тасымалданатын газ ҚР өңірлерінің тұрғындары үшін де, ҚХР-ға экспорттау үшін де жеткізіледі.

«Бозой – Шымкент» МГ учаскесінде 2019 жылдың ақпанында «Арал», «Қорқыт ата» және «Түркістан» компрессорлық станциялары пайдалануға енгізілген болатын.

2020 жылғы 29 сәуірде «Бейнеу – Бозой» МГ учаскесінде соңғы төртінші «1А» компрессорлық станциясы пайдалануға енгізілді, оны іске қосу арқылы «Бейнеу – Бозой – Шымкент» магистральдық газ құбырының өткізу қабілеті жылына 15 млрд м³ деңгейіне жеткізілді.

2022 жылы «Бейнеу» ГЭС және «Бозой» КС кеңейту жөніндегі іс-шараларды аяқтау жоспарлануда.

Сондай-ақ, 2019 жылдың соңында Тұңғыш Президент – Елбасының 2018 жылғы 5 наурыздағы тапсырмасы бойынша акцияларының 50% ҚМГ-де сенімгерлік басқаруда тұрған «АстанаГаз ҚМГ» АҚ Қараөзек (Қызылорда облысы) – Жезқазған – Қарағанды – Теміртау – Нұр-Сұлтан бағыты бойынша магистральдық газ құбырын пайдалануға енгізді.

Сондай-ақ, 2021 жылы келесі инвестициялық жобалар бойынша жұмыстарды аяқтау жоспарланып отыр:

- **Алматы қаласын газдандыру Алматы қаласындағы газ тарату желілерін қайта жаңарту.**
Жоба Алматы қаласындағы экологиялық жағдайды жақсартуға ықпал етеді, орташа жылдық тұтынуы 15,8 млн м³ газ болатын 4 100 жаңа абонентті газбен жабдықтауға қосуға мүмкіндік береді. 2021 жылдың басында 1 846 үй қосылды, қалған 2 254 үй де газға қол жеткізе алады және мүмкіндігіне қарай қосылатын болады.

01.01.2021 ж. жағдай бойынша 265 км жаңа газ құбырлары салынды және 58 км қолданыстағы газ құбырлары қайта жаңартылды, 30 шкафты газ реттеу пункті, 1 газ реттеу блок пункті орнатылды. 2021 жылдың аяғына дейін 40 км газ құбырын, 4 шкафты газ реттеу пунктін қайта жөндеу жоспарлануда.

- **Нұр-Сұлтан қаласында 2-кезектегі 1 және 2 іске қосу кешендерінің газ тарату желілерін салу**
1-ші іске қосу кешені шеңберінде АГТС-2-ден «Восток» бас газ тарату пунктіне (БГТП) және «Оңтүстік-шығыс» БГТП газ беру қамтамасыз етіледі; 2-ші іске қосу кешені шеңберінде «Восток» БГТП-дан Интернациональный, Мичурино, Күйгенжар тұрғын аудандарына және қазандықтарға газ беру қамтамасыз етіледі.

Алдын ала 83,7 км газ құбырын салу, 5 газ тарату блоктық пунктін және 5 газ тарату шкафтық пунктін орнату жоспарланып отыр. Барлық жұмыстарды 2021 жылдың соңына дейін аяқтау көзделіп отыр.

II. Мұнай тасымалдау жобалары

«Кеңқияқ – Атырау мұнай құбыры учаскесінің өнімділігі жылына 6 млн тоннаға дейін реверсінің бірінші кезеңі» жобасы Батыс Қазақстан мұнайын жылына 6 млн тоннаға дейін ПМХЗ, ПҚОП тасымалдауға және ҚХР-ға мұнай экспортын арттыруға бағытталған. Жоба шеңберінде 2020 жылы 1-ші іске қосу кешені пайдалануға енгізілді, Аман МАС объектілерін механикалық аяқтау жүзеге асырылды. Жылыту пештерінің өндірісі толық көлемде аяқталды және жылыту пештерінің жабдықтарын негізгі монтаждау бойынша жұмыстар аяқталды.

III. Мұнай және газ өңдеу жобалары

- Еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау және қауіпсіздікті басқару (HSE) мәселелері бойынша үздік практикаларға бейілділігін растай отырып, 2020 жылы АМӨЗ ЖШС «Tazalyq» жобасы шеңберінде зауытқа арналған жаңа тазарту құрылыстарын жобалау және салу жұмыстарын жалғастырды. «Tazalyq» жобасының мақсаты – мемлекеттік басқару органдарының экологиялық талаптарын орындау үшін Атырау қаласының сол жағалауында орналасқан сарқынды суларды тазарту құрылыстарын жетілдіру және «Сасыған сай» булану алаңдарын қайта жөндеу.

Жаңа механикалық тазарту құрылыстарын өткізудің экологиялық әсері мұнай өнімдерінің булануының 8000 м² ашық алаңдарын жою және тазартылған сарқынды сулардың 15%-ын өз өндірісіне қайтару болып табылады. Булану алаңдарын қалпына келтірудің экологиялық әсері атмосфераға, жер асты суларына, жергілікті флора мен фаунаға теріс әсерді болдырмайды.

Тазарту құрылыстарын жаңғырту 2 кезеңде жүргізіліп жатыр:

1. «Атырау МӨЗ-де механикалық тазарту құрылыстарының қондырғыларын қайта жөндеу» – 2019–2022 жылдар;
2. «Нормативті-тазартылған ағын суларды қайта реконструкциялау және булану алаңдарын қалпына келтіру» – 2019–2023 жылдар.

- **Жаңаөзен қаласында жаңа газ өңдеу зауытын салу.** Жаңаөзен қаласындағы жұмыс істеп тұрған газ өңдеу зауытының негізгі технологиялық жабдығының, техникалық құрылғылары мен инженерлік желілерінің барынша тозу дәрежесін, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етумен, қоршаған ортаны қорғау талаптарын сақтаумен, экологиялық салдарлармен техногендік қатермен байланысты елеулі тәуекелдерді, жер қойнауын пайдаланушыларда газды кәдеге жарату жөніндегі тәуекелдерді, Маңғыстау облысының халқын газды қайта өңдеу өнімдерімен қамтамасыз етудің мүмкін болмау тәуекелдерін ескере отырып, ҚМГ мынадай іс-шараларды ескере келе, жаңа зауыт салуды жоспарлауда:
 1. 2018 жылы жоба бойынша техникалық-экономикалық зерттеулер аяқталғанын;
 2. 2021 жылы ТЭН және pre-feed өткізу, сондай-ақ жоба бойынша ЖСҚ әзірлеу бойынша жұмыстарды бастау жоспарланып отырғанын;
 3. зауыттың құрылысын аяқтауды 2023 жылдың соңына жоспарлап отырғанын.

IV. Сумен жабдықтау жобалары

- ҚМГ Қаражанбас кен орнында қабатты суды тұщыландыру бойынша зауыт салу жобасын іске асыруға, сондай-ақ суды тұщыландыру бойынша зауытқа инженерлік желілерді жүргізуде CITIC ENVIROTECH LTD компаниясына жәрдем көрсетеді. Жобаның бекітілген параметрлері бойынша суды тұщыландыру бойынша зауытқа инженерлік желілерді жеткізу бойынша жұмыстарды 31.12.2020 жылға дейін аяқтау күтілді, алайда COVID-19 пандемиясынан туындаған

Практикадан мысал

«Сарыарқа» магистральдық газ құбыры (бұдан әрі – «Сарыарқа» МГ) Орталық Қазақстан мен мемлекетіміздің астанасын елдің бірыңғай газ тасымалдау желісімен біріктірді. Бұл тәуелсіздік жылдары ішіндегі рекордтық мерзімде салынған ең ірі инфрақұрылымдық жоба.

Оны пайдалануға енгізу Нұр-Сұлтан, Қарағанды, Теміртау, Жезқазған қалаларының тұрғындарына және магистральдық газ құбыры трассасының бойымен отандық табиғи газды тұрақты жеткізуді қамтамасыз ету үшін жылына 2,2 млрд м³ дейінгі көлемде газ тасымалдауға мүмкіндік береді. Болжамға сәйкес 171 елді мекеннің 2,7 млн-ға жуық адамын газға қосу күтілуде. Қазіргі уақытта өңірлерді ішкі газдандыру объектілерін салу және пайдалануға беру бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Елдің ішкі нарығында газ тұтынудың өсуі жалғасуда. Бұл әлемдік үрдіс, табиғи газ неғұрлым тиімді



және экологиялық таза отын болып табылғандықтан, оны пайдалану атмосфераға зиянды шығарындыларды айтарлықтай азайтады. Салынған «Сарыарқа» газ магистралінің арқасында Қарағанды мен Нұр-Сұлтан тұрғындарын газға қосу қарқынды түрде толық жүріп жатыр. Алдағы уақытта «Сарыарқа» газ құбыры құрылысының 2-ші және 3-ші кезеңі еліміздің солтүстік өңірлерін газдандыруға мүмкіндік береді. Оңтүстікте де газдандыру бойынша белсенді жұмыстар жүргізілуде, биыл Түркістан қаласы толықтай газдандырылды.

ҚХР-дан технологиялық жабдықтар мен материалдардың уақтылы жеткізілуіне байланысты негізгі құрылыстар бойынша жұмыс кестесінде өзгерістер болды. Нәтижесінде зауыт құрылысын аяқтаудың жалпы мерзімі 31.03.21 ж. ауыстырылды.

- Сондай-ақ ҚМГ Қазақстан Республикасы Атырау және Маңғыстау облыстарының қолданыстағы тапшылығын және су тұтыну көлемінің перспективалық өсуін қанағаттандыру үшін «Астрахань – Маңғышлақ» магистральдық сутартқышының өткізу қабілетін ұлғайту және тозған жабдықты жаңарту бойынша жобаны іске асырады. Жобаның 1-кезегі шеңберінде су беру қуатын 2024 жылдың соңына қарай жылына 30 100 мың м³-ден жылына 68 388 мың м³-ге дейін ұлғайту жоспарлануда. Қазіргі уақытта жобаның 1-кезегін іске асыру бойынша ЖСҚ әзірлеу жоспарланып жатыр.

САТЫП АЛУ ПРАКТИКАСЫ

103-1, 103-2, 103-3, 204-1, 102-9,102-10

Барлық әлеуетті өнім берушілерге сатып алу процесіне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру сатып алу қағидаттарының бірі болып табылады.

ҚМГ сатып алу рәсімдері 2020 жылы «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС <https://www.skc.kz/ru/regulations/> сатып алу порталында орналастырылған сатып алуды жүзеге асыру тәртібімен және «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу қызметін басқару жөніндегі стандартпен реттелді.

Бұл ретте тауарларды сатып алудың қолданыстағы жүйесі ашық тендер немесе баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды, оның ішінде Холдингтің тауар өндірушілері тізілімінде тұрған сатып алынатын тауардың тауар өндірушілері арасында ғана, сондай-ақ Холдингтің мүгедектер ұйымдарының тізілімінде тұрған сатып алынатын тауарды өндіретін мүгедек ұйымдар арасында ғана өткізуді көздейді.

Бұдан басқа, ҚМГ ұйымдарының сатып алу рәсімдерін реттейтін «Самұрық-Қазына» АҚ-тың сатып алу әдіснамасында 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттар жасасқан Холдингтің жер қойнауын пайдаланушылары осындай келісімшарттардың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін немесе бұдан бұрын басталғанына қарай 2021 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданатын тауарларды сатып алуды жүзеге асыру бөлігінде ерекше шарттар көзделген. Бұл ерекше шарттар жер қойнауын пайдаланушылар «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 78-бабы 3-тармағының талаптарына сәйкес олар жобалық құжаттың

- ҚМГ құрылыс жобасын іске асыруды жеделдету туралы ҚР Премьер-Министрі А.Ұ. Маминнің 18.09.2019 ж. № 11-3/07-781 хаттамалық тапсырмасына сәйкес Кендірлі демалыс аймағы ауданында қуаты тәулігіне 50 мың текше метр теңіз суын магистральдық құбырмен тұщыландыру бойынша зауыт салу жобасын іске асыруда. Жобалаушы – «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС филиалы – «ҚазмұнайгазФЗЖИ» ЖШС әзірлеген Кендірлі – Жаңаөзен суағарымен қуаты тәулігіне 50 мың м³ тұщыландыру зауытының ТЭН-іне «Мемсараптама» РМК-нің 2021 жылғы 8 сәуірдегі № 01-0197/21 оң қорытындысын алды.

және техникалық реттеу саласындағы ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес келген жағдайда, тауарларды қазақстандық өндірушілерден сатып алуға міндетті екендігін көздейді.

Сатып алу процесі мынадай негізгі кезеңдерді қамтиды:

- сатып алудың жылдық (ұзақ мерзімді) жоспарын әзірлеу және бекіту;
- өнім берушіні таңдау;
- сатып алу туралы шарттарды жасасу және орындау;
- қорларды басқару.

ҚМГ және оның ЕТҰ өнім берушілерін таңдау ашық тендер өткізу тәсілімен, баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен, бәсекелі келіссөздер жүргізу жолымен тендер тәсілімен, холдингшілік кооперация шеңберінде, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу әдіснамасына сәйкес бір көзден алу тәсілімен жүзеге асырылады.

Барлық сатып алу Электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесі арқылы жүргізіледі.

Тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтердің өнім берушісін таңдау кезінде қорытындыларға әсер ететін бұзушылықтарға жол бермей, «Самұрық-Қазына» АҚ-тың сатып алу әдіснамасына нақты сәйкестікте сатып алу рәсімдерін жүргізу маңызды аспект болып табылады. Бұл көрсеткіш ҚМГ және оның ЕТҰ басшы қызметкерлерінің ҚНҚ картасына енгізілді.

«Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу қызметін басқару жөніндегі стандартта әлеуетті өнім

берушілерді алдын ала білікті іріктеуді жүргізуді және алдын ала біліктіліктен өткен әлеуетті өнім берушілердің дерекқорын қалыптастыруды көздейтін білікті әлеуетті өнім берушілердің арасында сатып алуды жүзеге асыру тәртібі көзделген.

Әлеуметтік өлшемшарттар бөлігінде әлеуетті өнім берушілерге қойылатын талаптарды белгілеу мүмкіндігі «Самұрық-Қазына» АҚ-тың сатып алу әдіснамасында көзделмегенін атап өткен жөн.

Осыған байланысты өнім берушіні таңдау кезінде ҚМГ әлеуметтік өлшемшарттарын анықтау бәсекелестікті шектеу ретінде «Самұрық-Қазына» АҚ тарапынан бағалануы мүмкін.

Сонымен бір уақытта адам құқықтары мен әлеуметтік өлшемшарттарды сақтау ережелері ҚМГ тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуға арналған үлгі шарттарында, сондай-ақ бекітілген Іскерлік этика кодексінде көрсетілген.

Жалпы алғанда, ҚР резидент компанияларынан тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу көлемі (олардың қызметкерлерінің азаматтығына және «СТ-KZ» нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификаттардың болуына қарамастан) мынаны құрады (млрд теңге)

Жыл	Жиыны	Тауарлар	Жұмыстар мен қызметтер
2018	2 280,8	739,8	1 541,0
2019	2 004,7	462,1	1 542,6
2020	1 812,6	469,5	1 343,1

Осылайша, 2020 жылы ҚР резидент компанияларынан тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу 1 812,6 млрд теңгені құрады, бұл сатып алудың жалпы сомасының 99%-ін құрайды.

Сонымен қатар тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде жергілікті қамту үлесін есептеу ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 260 бұйрығымен бекітілген Ұйымдардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде жергілікті қамтуды есептеуінің бірыңғай әдістемесі негізінде жүргізіледі.

«Жергілікті» деген сөз деп тауар өндіретін және жергілікті қамту үлесінің проценті көрсетілетін «СТ-KZ» нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификаты бар отандық кәсіпорындар түсіндіріледі. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар шеңберінде сатып алынатын жұмысты орындауға (жұмысты орындауға (қызметті көрсетуге) арналған шартты қоспағанда, қызметті көрсетуге) арналған шартта жергілікті қамтуды есептеу кезінде қызметкерлердің жалпы еңбекақы төлеу қорындағы қазақстандық кадрлардың еңбекақы төлеу қорының үлесі ескеріледі.

Тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің жалпы сомасы және жергілікті қамту үлесі (млрд теңге)

Жыл	Жиыны	ЖҚ үлесі, %	Тауарлар		Жұмыстар мен қызметтер	
			Сомасы	ЖҚ үлесі, %	Сомасы	ЖҚ үлесі, %
2018	2 428	79	824	77	1 604	80
2019	2 132	81	473*	63*	1 659	83
2020	1 826	82	472*	71*	1 354	86

*мұнай мен газды есепке алмағанда

Жоғарыда көрсетілген көрсеткіштер дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп проценті меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында ҚМГ-ге тікелей немесе жанама түрде тиесілі және «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу қызметін басқару стандартының субъектілері болып табылатын ҚМГ-нің барлық еншілес ұйымдары бойынша шоғырландырылған деректерді көрсетеді.

82%

ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУ ҮЛЕСІ

Жиһаз, тамақ, жеңіл және құрылыс өнеркәсібі өнімдері («қарапайым заттар экономикасының» тауарлары) сияқты қарапайым заттарды отандық өндірушілерді қолдау мәселелері ҚР Үкіметі мен «Самұрық-Қазына» АҚ басшылығының ерекше бақылауында тұр. «Самұрық-Қазына» АҚ 2020 жылға отандық тауар өндірушілерден «Қарапайым заттар экономикасы» тауарларын сатып алу үлесін кемінде 90%-ға жеткізу бойынша ҚМГ үшін нысаналы индикаторды белгіледі. Жүргізілген жұмыс қорытындысы бойынша біздің көрсеткіш 92%-ті құрады. ҚМГ үшін 2020 жылға белгіленген нысаналы индикатор 2%-ға асыра орындалды.

Сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ-тың жаңа өндірістерін құруға жәрдемдесу бағдарламасын іске асыру шеңберінде ҚМГ-нің импортты алмастыру бойынша табысты жүргізіп жатқан жұмысын атап өткен жөн. Осы бағдарламаның негізгі мақсаты оффтэйк-шарттар жасасу арқылы «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларының сұранысын қанағаттандыру мақсатында өнімнің жаңа түрін меңгергісі не қолданыстағы өндірісті жаңғыртқысы келетін жеке бизнес субъектілерінің бастамаларын қолдау болып табылады. Оффтэйк-шарттардың тетігі жобаны іске асыру нәтижесінде өндірісі құрылатын тауарларды сатып алу мен жеткізудің кейінге қалдыру шартымен импортты алмастыратын жобаларды іске асыруды көздейді.

Сонымен, 2020 жылы ҚМГ еншілес ұйымдары жоғарыда көрсетілген бағдарлама шеңберінде импорт алмастыратын жобаларды іске асыратын отандық өндірушілермен жалпы сомасы 13,6 млрд теңгеге 40 оффтэйк-шарт және 2 меморандум жасасты.

Сатып алуды санаттық басқару сатып алынатын ТЖҚ сапасын арттыру және өткізілетін сатып алудан түсетін пайданы барынша арттыру үшін пәрменді құрал болып табылады.

2019 жылдан бастап «Сатып алуды санаттық басқаруды енгізу» жобасы компания бизнесінің бағыттары үшін өзінің тиімділігін көрсете отырып,

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ операциялық қызметіне ауыстырылды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Санаттық сатып алу басқармасы (бұдан әрі – Басқарма) 2017–2020 жылдар кезеңінде 23 сатып алу санаттық стратегиясын (бұдан әрі – CCC) әзірледі, бекітті және іске асыруда. Сондай-ақ, Басқарма «Самұрық-Қазына» ҰӘК АҚ сатып алуды санаттық басқару бойынша құзырет орталығы болып табылатын «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС әзірлейтін 12 CCC әзірлеуге және іске асыруға қатысады.

Әзірленген CCC іске асыру шеңберінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында 2017–2020 жылдар кезеңінде 92,7 млрд теңге сомасына сатып алу өткізілді, бұл көрсетілген кезеңде 12,61 млрд теңге сомасында пайдаға қол жеткізуге мүмкіндік берді.

ӨНІМ БЕРУШІЛЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒАЛАУ

414-1

Есепті кезеңде мердігерлік ұйымдардың қызметкерлері үшін еңбек қатынастары саласында белгіленген кепілдіктердің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында ҚМГ Басқармасының 2020 жылғы 2 маусымдағы шешімімен ЕТҰ-ның ҚМГ объектілерінде қызметін жүзеге асыратын мердігер ұйымдармен өзара іс-қимылы кезіндегі қызмет жөніндегі үлгілік регламент бекітілді және қазіргі уақытта оны ҚМГ ЕТҰ-ға енгізу бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр.

Регламент жеке персоналы бар мердігерлік ұйымдармен шарттар жасасу және олардың орындалуын мониторингілеу кезінде ЕТҰ-ны орындау үшін міндетті және ЕТҰ-ның мердігерлік ұйымдармен шарттарының құрамдас бөлігі болып табылады.

Аталған регламенттің негізгі мақсаты мердігер ұйымдар қызметкерлерінің әлеуметтік-еңбек құқықтарын қамтамасыз ету болып табылады.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

102-25, 103-1, 103-2, 103-3, 205-1, 205-2, 205-3

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – Компания) өз бизнесін заңдылық, адалдық және әдептілік қағида-даттарында құрады. Компания адам құқықтарын қатаң сақтайды, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін барлық мүмкін әрекеттерді қабылдайды, мінсіз беделге қамқорлық жасайды және этика саласында жоғары халықаралық стандарттарды енгізуге тырысады.

2019 жылы Компания құрылымында Комплаенс қызметі (бұдан әрі – Қызмет) құрылды, бұл компанияда корпоративтік адалдық стандарттарын сақтауға жауапты прогрессивті бастамалардың бірі болды. Қызметтің жауапкершілік аймағына қызметкерлердің еңбек қызметі шеңберінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау мүмкіндігімен байланысты барлық тәуекелдерді жою кірді. Компания қызметінің дербес бағыты

болып қала отырып, Қызмет компанияның барлық бизнес бөлімшелерімен біріктірілген.

Корпоративтік басқарудың үздік әлемдік тәжірибесін негізге ала отырып, компания тұрақты негізде қолданыстағы корпоративтік стандарттарды жақсартуға ұмтылады. Мәселен, компания мен оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамалық және этикалық нормаларды сақтауы шеңберінде негізгі сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормативтік құжаттар бекітілді: «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның ЕТҰ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясат, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ құпия хабардар ету саясаты, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ және оның ЕТҰ қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының мүдделер қақтығысын реттеу саясаты, сондай-ақ жаңа редакциядағы Іскерлік этика кодексі (ҚМГ корпоративтік құндылықтары актуалдандырылды, сыйлықтарға лимиттер қосылды, комплаенс мәселелері бойынша байланыс арналары жаңартылды, Кодекстің форматы «Самұрық-Қазына» АҚ Кодексімен және комплаенс мәселелерінде маманданған халықаралық аудиторлық компаниялардың ұсынымдарымен сәйкес келтірілді).

2020 жылы компанияның 35 ЕТҰ-да осыған ұқсас комплаенс-саясаты әзірленді және бекітілді.

ЕТҰ-мен жүргізілетін жұмысқа қатысты компания жергілікті жерлерде функцияларды енгізе отырып және кәсіпорынның ерекшелігін ескере отырып, комплаенс-бағдарламалар қалыптастыра отырып, кәсіпорындарды корпоративтік мәдениетке ықпалдастыру процестерін жеделдетуге ұмтылады. Сонымен, 8 кәсіпорында (Ембімұнайгаз, Павлодар мұнай-химия зауыты, Атырау мұнай өңдеу зауыты, ҚазТрансОйл, ҚазТрансГаз, Интергаз Орталық Азия, Қазақтеңіз-көлікфлоты (сұхбат) және Жамбыл Петролеум (сұхбат)) комплаенс тәуекелдерін бағалау жүргізілді. 4 ЕТҰ-да комплаенс қызметтері құрылды / комплаенс құрылымына мына офицерлер енгізілді: Павлодар мұнай-химия зауыты, Атырау мұнай өңдеу зауыты, ҚазТрансОйл және KLPE.

Пандемиядан туындаған қашықтықтан өзара іс-қимыл жасау қызметтің компания тобының қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша ұйымдастырушылық-жүйелі шараларды қолданудың тиімді тәсілдемелерін әзірлеуіне ықпал етті, осылайша компанияның Корпоративтік орталығының барлық қызметкерлерін этика мәселелері бойынша оқыту электрондық форматта жүргізілді. Қызметкерлерге компанияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптары туралы, реттеуші ортадағы өзгерістер туралы («Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚРЗ-ға түзетулер) ескертуді және жедел байланыс желісінің жұмыс істеуін қамтитын ақпараттық таратуды жүзеге асыру арқылы корпоративтік коммуникацияны күшейтуге ерекше көңіл бөлінді, ол Компания мен оның қызметкер-

лерімен комплаенс саласындағы заңнамалық және этикалық нормаларды сақтау сапасын бақылаудың тиімді құралдарының бірі болып табылатын «Самұрық-Қазына» ҰӘК» АҚ Әлеуметтік өзара іс-қимыл және коммуникация орталығы әкімшілендіретін Жедел байланыс желісінің мүмкіндіктерін пайдалануға қызметкерлер мен өзге де тұлғалардың қатыстырылуының өсуіне ықпал етті. Бұған қоса, Қызмет компанияның басшылық құрамымен және қызметкерлерімен лауазымдық өкілеттіктер шеңберінде мүдделер қақтығысын болдырмау және шешу тәсілдері туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Мүдделер қақтығысын басқарудың тиімді жүйесін құру, сондай-ақ қызметкерлердің мінез-құлқына қойылатын талаптарды анықтау мақсатында, оларды сақтау компаниядағы жеке мүдделер мен байланыстардың әсерінен шешім қабылдау тәуекелдерін мейлінше азайтуға мүмкіндік береді. Мәселен, Компанияда 2020 жылы мүдделер қақтығысын реттеу саясаты бекітілді, оның шеңберінде мүдделер қақтығысын қарау рәсімі және оларды реттеу бойынша әдістерді әзірлеу регламенттелді. Саясатты сақтау Компанияның әрбір қызметкерінің лауазымдық жағдайына қарамастан, міндеті болып табылады.

Жұмысқа қабылдау кезінде барлық қызметкерлер Саясатпен танысу рәсімінен өтеді, мүдделер қақтығысы бойынша бастапқы декларацияны толтырады және қол қояды. Ұқсас рәсім қызметкерді басқа лауазымға ауыстыру кезінде де қарастырылған.

2020 жылы мүдделер қақтығысын декларациялау рәсімі енгізілді, оның нәтижелері бойынша 434 қызметкердің декларациясы қабылданды. Сондай-ақ, 2020 жыл ішінде 48 жағдай бойынша мүдделер қақтығысының болуына тексеру жүргізілді және баға берілді, 6 әлеуетті мүдделер қақтығысы реттелді, 42 жағдайда мүдделер қақтығысы болған жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы Саясатқа сәйкес Компания мемлекеттік органдарға, коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдарға, олардың өкілдеріне, сондай-ақ өзге де тұлғаларға тікелей қайырымдылық және демеушілік көмек көрсетпейді. Мажоритарлық акционер болып табылатын «Самұрық-Қазына» АҚ-тың қаражатты мақсатты жұмсау туралы кейіннен егжей-тегжейлі есеппен бірге нақты мақсаттарға бағытталған көмек көрсету туралы тиісті тапсырмасы ерекшелік бола алады.

Жоғары этикалық нормаларға бейілділігі тиісті корпоративтік басқарудың негізі және компания мүдделерінің жеке мүдделерін қорғау мен қамтамасыз етудегі кепілгер болып табылады. Компания сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін басшылардың, оның ішінде өзінің қарамағындағы қызметкерлердің дербес жауапкершілігін жариялау мәселелерінде бел-

сенді жұмыс жүргізеді. COVID-19 пандемиясынан туындаған жағдайды ескере отырып, қызметкерлердің басым бөлігі қашықтан жұмыс форматына ауыстырылды, бұл қызметкерлерге компанияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптары туралы, реттеуші ортадағы өзгерістер және жедел байланыс желісінің жұмыс істеуі туралы ескертуді қамтитын мерзімді ақпараттық таратуды жүзеге асыру арқылы корпоративтік коммуникация рөлінің күшеюіне ықпал етті, бұл қызметкерлерді 100% таныстыратын қамтуға қол жеткізуге мүмкіндік берді және қызметкерлер мен өзге де тұлғалардың жедел байланыс желісінің мүмкіндіктерін пайдалануға тартылуының өсуіне ықпал етті. Бұған қоса, жыл сайынғы оқыту шеңберінде Корпоративтік орталықтың барлық қызметкерлері үшін этика мәселелері бойынша оқыту онлайн-курсы өткізілді.

Комплаенс тәуекелдеріне жүргізілген бағалау және комплаенс саласындағы ішкі құжаттарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың және нұсқаулықтардың нормалары мен талаптарына сәйкестігі тұрғысынан талдау нәтижелері бойынша, оның ішінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңын, парақорлық туралы Ұлыбритания Заңын, ЭЫДҰ-ның шетелдік жария лауазымды тұлғаларды сатып алуға қарсы күрес туралы Конвенциясын қоса алғанда, 2020 жылы жаңа редакциядағы Іскерлік этика кодексі бекітілді. Сонымен, кәсіби және этикалық стандарттарды бұзу салдарынан туындауы мүмкін құқықтық және бедел тәуекелдерін мейлінше азайту, сондай-ақ компания қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру мақсатында Кодекстің нормалары бойынша барлық қызметкерлерді онлайн оқыту жүргізілді.

Компания өз қызметін «Самұрық-Қазына» ҰАҚ» АҚ мен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі арасында жасалған сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік атмосферасын құру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша ынтымақтастық туралы меморандум шеңберінде жүзеге асырады. Сондай-ақ, Компания сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстің маңызды мәселелері бойынша мемлекеттік билік органдарымен диалогқа жатысады. Компания мемлекеттік билік органдарымен өзара іс-қимылдың жалпы қабылданған және құқықтық өріс шегіндегі әдістеріне сүйенеді. 2020 жылы Компания Қазақстан Республикасының 2021–2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру бойынша 2021–2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына ұсыныстар әзірлеуге қатысты.

205-1

2019 жылы UN Global Compact әдіснамасының талаптарына сәйкес компания мен ірі ЕТҰ қызметі тәуекелдерінің комплаенсіне сыртқы тәуелсіз бағалау жүргізілді, оның шеңберінде ҚМГ бизнес-бөлімшелерінің 130-дан астам қызметкерімен, сондай-ақ елеулі бұзушылық салаларын анықтау үшін ЕТҰ бизнес-бөлімшелерімен сұхбат жүргізілді. Компания мен ірі ЕТҰ комплаенс тәуекелдерін бағалау сатып алу қызметі, кадр мәселелері, сондай-ақ мүдделер қақтығысының болуына іскерлік байланыстардың мониторингіне байланысты мәселелер саласында тәуекел ай-мақтарының бар екендігін көрсетті.

205-2

Басшы құрам үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл нормаларымен танысу 2020 жылғы қарашада этика мәселелері бойынша онлайн оқыту шеңберінде, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы өзгерістер туралы корпоративтік таратуды жүзеге асыру, жалпыға бірдей салық декларациялау мәселесі, мүдделер қақтығысы, мерзімді негізде «Жедел байланыс желісі» жұмысы арқылы жүргізілді.

Қазіргі уақытта жұмысқа қабылдау кезінде барлық қызметкерлер мүдделер қақтығысын реттеу саясатымен және іскерлік этика кодексімен танысу рәсімінен өтеді, сондай-ақ кейіннен әрбір қызметкердің жеке ісіне бекітілетін мүдделер қақтығысы бойынша бастапқы декларацияны толтырады және қол қояды. Ұқсас рәсім қызметкерді басқа лауазымға ауыстыру кезінде де қарастырылған. Бұған қоса, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясатпен танысуға қатысты тәжірибе енгізілді, 2020 жылы Компанияның барлық қызметкерлерінен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясат нормаларын сақтау бойынша міндеттемелер жиналды. Осыған ұқсас рәсім Компанияның барлық ЕТҰ-ларында да енгізілуде.

Компанияның контрагенттермен жасасатын барлық үлгі шарттары контрагенттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ҚР заңнамасын сақтау міндеттемелерін көздейтін сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпені, сондай-ақ тапсырыс берушіні сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың және Жедел байланыс желісі арқылы сатып алу қағидаларының кез келген болжамды және нақты бұзушылықтары туралы хабардар етуді қамтиды.

2020 жылы ҚМГ корпоративтік этика кодексін жаңа редакцияда бекіту шеңберінде Корпоративтік орталықтың барлық қызметкерлері үшін онлайн-оқыту өткізілді.

Мемлекеттік органдардың өкілдері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша оқыту жүргізілмейді.

205-3

2020 жылы жедел байланыс желісіне 118 өтініш келіп түсті. Компанияда 2019 жылмен салыстырғанда жедел байланыс желісінің жұмыс істеуі туралы корпоративтік тарату, сондай-ақ компания сайтында қызметкерлер, контрагенттер және өзге тұлғалар арасында байланыс желілерін орналастыру есебінен 100% таныстыру қамтуына қол жеткізу себебінен келіп түскен өтініштер санының өсуі байқалады. Мәселен, 118 өтініштің 41 өтініші расталды. Өтініштердің негізгі бөлігі кадрлық мәселелерге, COVID-19 пандемиясының қолдайсыз экономикалық салдарымен байланысты еңбек жағдайларына қатысты болды. Жедел байланыс желісі жұмысының нәтижелерін, оның ішінде алынған (өңделген) хабарламалар және қорытындылай келе анықталған бұзушылықтар

бойынша статистиканы Директорлар кеңесі мен аудит комитеті тұрақты түрде қарайды.

2020 жылы жедел байланыс желісіне келіп түскен өтініштерді қарау нәтижелерін талдау барысында 2 қызметкер тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Есепті кезеңде сыбайлас жемқорлыққа байланысты бұзушылықтарға байланысты іскерлік серіктестермен келісімшарттарды жаңартпау немесе бұзу жағдайлары тіркелген жоқ.

Есепті кезең ішінде сыбайлас жемқорлыққа қатысты және ұйымға немесе оның қызметкерлеріне қарсы қозғалған сот істері туралы мәліметтер де тіркелмеді.

БӘСЕКЕЛЕСТІККЕ ҚАРСЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ

206-1

Есепті кезеңде ҚМГ компаниялар тобының 7 ұйымы бәсекелестікке қарсы мінез-құлыққа, трастқа қарсы және монополияға қарсы заңнаманы бұзуға байланысты 31 сот ісіне

тартылды. Оның ішінде 9 іс ЕТҰ және ҚМГ КО пайдасына шешілді, 15 сот ісі ЕТҰ пайдасына қанағаттандырылмады, 7 сот ісі қаралуда.

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ СӘЙКЕСТІК

419-1

Әлеуметтік және экономикалық реттеу саласындағы заңнамалық және нормативтік актілерге сәйкес келмеу

ҚМГ-нің 10 ЕТҰ әлеуметтік реттеу саласындағы заңнамалық және нормативтік актілерге сәйкес келмеу салдарынан сот істеріне тартылып. Есепті мерзімде ҚМГ және ЕТҰ 28 сот ісіне қатысты. Оның 19-ы ЕТҰ және ҚМГ пайдасына шешілді, 6 сот ісі ЕТҰ-ның пайдасына қанағаттандырылмады.

2020 жылда еншілес және тәуелді ұйымдар экономикалық реттеу саласындағы заңнамалық және нормативтік актілерге сәйкес келмеу саласы бойынша 2 сот ісіне қатысты. Жалпы сомасы 3 955,3 миллион теңгені құрайтын 1 сот ісі салық мәселесіне қатысты. 0,83 млн теңгені құрайтын 1 сот ісі жеткізілім туралы мәліметтермен байланысты.

